



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан аумағында жұмыс істейтін төлем жүйелерінің және төлем қызметтерін маңызды жеткізушілердің тізілімі жаңартылғаны туралы

Астана қ.

2023 жыл, 13 сәуір

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің ресми интернет-ресурсында жаңартылған [Төлем жүйелерінің тізілімін](#) жариялады. Онда Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін 19 төлем жүйесі туралы ақпарат қамтылған.

Банкаралық ақша аударымдары жүйесі жүйелік маңызды төлем жүйесі болып табылады. Ол арқылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мен валюта нарығына қатысушылардың ақшалай міндеттемелері бойынша төлемдер мен ақша аударымдары, сондай-ақ мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізу мақсатында төлемдер мен ақша аударымдары жүргізіледі.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, **маңызды төлем жүйелеріне** мыналар жатқызылды:

- ұлттық валютадағы бөлшек төлемдердің 44,2%-дан астамы жүргізілетін **Банкаралық клиринг жүйесі** (төлем карточкаларын қоспағанда);

- **Visa** карточкалық төлем жүйесі;

- жеке тұлғалардың Қазақстан бойынша, шетелге және шетелден жасалатын аударымдары жүзеге асырылатын **«Золотая корона»** халықаралық ақша аударымдары жүйесі.

Mastercard-ты қоса алғанда, қалған 15 төлем жүйесі өзге төлем жүйелеріне жатқызылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, **төлем қызметтерін маңызды жеткізушілердің** субъективті құрамы өзгерді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ:

- **«Kaspi Bank» АҚ** - төлем карточкаларын шығару және төлем карточкаларын пайдалана отырып операцияларды өңдеу бойынша, төлем карточкаларын пайдаланбай электрондық терминалдар мен қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы төлемдерді жүзеге асыру бойынша;
- **«Ситибанк Қазақстан» АҚ** - банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру бойынша;
- **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** - электрондық ақшаны шығару және өтеу, ақша аударымдары жүйелері арқылы ақша аудару және банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру бойынша төлем қызметтерін маңызды жеткізуші статусын сақтап қалды.

Өз кезегінде, **«QIWI Kazakhstan» ЖШС** төлем ұйымы **электрондық ақшаны** пайдалана отырып жүзеге асырылған операцияларды өңдеу бойынша төлем қызметтерін ұсынатын төлем қызметтерінің маңызды жеткізушісі мәртебесін алды.

Төлем қызметтерін [Маңызды жеткізушілер тізілімі](#) Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жарияланды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz